

# ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ



# Жоспары:

2

- Көшбасшылық – заманауи әлемдегі өзекті мәселенің бірі.
- Ұлы рухани ұстаздар көшбасшылық туралы.
- Атақты және шынайы көшбасшылар.
- Көшбасшылық – жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының нәтижесі.
- Шынайы көшбасшыға тән қасиеттер.
- Үлгілі шынайы көшбасшылар.



# Көшбасшылық және басқару

3

- Белгілі бір мақсатқа ең тиімді жолмен қалай жетуге болады? Басқару өз назарын төменгі деңгейге аударады.
- *Менің неге қол жеткізгім келеді?* Көшбасшылық жоғары деңгеймен байланысты болады.
- Басқарушы іс-әрекеттің істелуі қажеттілігіне қарай жасайды.
- Көшбасшылық не істеуі керектігіне қарай жасайды.

Петер Друкер, Уоррен Бенис

**Көшбасшы болу шеберлігін үйрету мүмкін емес, оған адамның тек өзі ғана үйрене алады.**

Гарольд Дэженин  
31.03.2021



## 2. Ұлы рухани ұстаздардың көшбасшылық туралы ойлары.

«Әділдік пен шыншылдық бір билеушінің бойынан табылса, онда оның шыншылдығы мен әділдігінің арқасында өз өмірі де, билеп жатқан адамдарының өмірі де шаттыққа бөленеді. Егер билеуші адамның бойында әділдік пен шындық біріксе, ол басқарып отырған мемлекеттің құрылымы өте сапалы, қабылдаған заңдары жоғары деңгейде болады.

Билеушіден халқынды бағындыр деп сұрау қажет емес, халықтың өзі ақылды билеушінің басқаруын қалауы керек.

*Сократ*



# Лао Цзы

5

- Өз мүддесін басқаның мүддесінен жоғары қоймағанда ғана көшбасшы өседі және өз қызметінде ұзақ тұрақтайды. Парадокс: **Өзін-өзі аямаумен, өзінен-өзі бас тартумен көшбасшы өзін-өзі күшейтеді.**
- Көшбасшы өзгелер туралы өсек айтпайды және ешқандай дауға күшін кетірмейді. **Үндемеу – күштің қайнар бұлағы.**
- Ақылды көшбасшы аз және қысқа сөйлейді. Сайып келгенде ешқандай табиғи әрекет мәңгі жасалмайды. Жауын жауады, кейіннен қояды. Күн күркірейді, сонынан тынышталады.
- Сіз қанша мәжбүр етсеңіз, топ соншалықты қарсылық көрсетеді. Сіздің айлаңыз құтылып кету үшін қарсы айланы тудырады. Әрбір заңмен бірге заңсыздық келеді.



# Конфуций

Көшбасшы – халқын шын ықыласымен сүюімен қатар мына бес қасиет болу керек:

*Кісіге шын құрмет, кеңпейілділік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық.*

- Біріншісі – жарамсақтануға жол бермейді;
- Екіншісі – барлығын бағындырады;
- Үшіншісі – адамдардың көңіліне сенім ұялатады;
- Төртіншісі – жеңіске жетуге мүмкіндік береді;
- Бесіншісі – адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады.

**Басшы – көшбасшы халық алдында қулыққа бармайды. Ол әділетті сүйеді, өзгелердің пікіріне құлақ асады. Ол өзін басқалардан жоғары қоймайды.**



- түсінген, көрген және қабылдаған нәрсесінен ештеңені ұмыт қалдырмайтындай жақсы есте сақтай біледі;
- заттың кішкене ғана қасиетін байқау арқылы оның не нәрсені білдіріп тұрғанын тез түсінетіндей ұшқыр ой иесі;
- ойлаған нәрсесін айқын жеткізе алатын шешен: оқуға және танып-білуге күштар және бұл істе шаршамайды, азаптанбайды;
- шындықты және ол үшін күресетіндерді сүйеді, өтірікті және өтірік айтатындарды жек көреді, ар-намысты биік ұстайды;
- әділетті, бірақ бірбеткей емес, әділеттіліктің алдында мінез көрсетпейді, бірақ кез-келген әділетсіздік пен төмен істерге қатысты қайтпастай мығым;
- өзі қажетті деп есептейтін нәрсені жүзеге асыруда батыл және ержүрек, үрейлену мен қорқақтықтың не екенін білмейді.



# Жүсіп Баласағұни

Құтты білік» дастанындағы ізгілікті басқарудың құрылымы *төрт ұстанымға* негізделген.

Олар:

- *біріншіден*, мемлекетті басқаратын әділ заңның болуы;
- *екіншіден*, елдің бақ-дәулеті артып, құт қонсын деген тілек;
- *үшіншіден*, ақыл-парасат, оның қоғамдағы әлеуметтік рөлі;
- *төртіншіден*, қанағат-ынсап мәселесі.

**Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт**

I



- Ей перзентім, халық сенің сөзіне сай іс қылсын десең, сен өз сөзіңе сай іс қыл.
- Халық үшін істеген еңбегін босқа кетпесін десең, саған халықтың істеген еңбегі босқа кетпесін.
- Егер абыройдан айырылғың келмесе, жақсылық жасауды ұмытпа, ұлым!
- Егер масқара болғың келмесе, істемеген істі істедім деме.
- Егер зерек болғың келсе, жүзінді халық көзімен көр.
- Ей, перзентім! Өзің жігіт болсаң да, ақылың қария болсын. Ашу-ыза әр дәйім пәле шақырады. Ашушаң, ызақор болма!

**Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – онда көшбасшыға, ал егер ақымаққа берілген болса – онда есерсоққа айналады.**





**Көшбасшы** (ағылшынша «*leader*» – жетекші) – қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам.



# Көшбасшы

- Көшбасшы – жетекші.
- Жоғары беделмен топты ұйымдастырады, оның ішкі қарым-қатынасын реттейді, олар үшін шешім қабылдау құқығына ие болады.
- **Көшбасшы = барар жолын біледі + басқаларға шабыт беріп соңына ертуге қабілетті.**

I



# АТАҚТЫ КӨШБАСШЫ ӨЗІ ҮШІН, АЛ ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫ БАСКАЛАР ҮШІН ӨМІР СҮРЕДІ.

13

## АТАҚТЫ КӨШБАСШЫ

- Гитлер
- Шыңғысхан
- Сталин
- Бірінші Петр
- А. Македонский

## ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫ

- Абай Құнанбаев
- Махатма Ганди
- Тереза шешей
- А. Линкольн
- Л.Н. Толстой

(Ескердір Зұлқарнайын)

# Екі Шыңғыс өнегесі және мәңгүрттік қасіреті

Екі Шыңғыс ғұмыр кешті мына ұмытшақ ғаламда  
Екі дара із қалдырды олар елге, заманға.  
Екеуі де дарынымен, жалынымен лаулады,  
Бірі қылыш, найза кезеп, бірі рухпен баурады.

Екеуі де сан миллион адамдарды жаулады,  
Екеуін де еске сақтап қалды қырғыз таулары.  
Оның бірі – **даңқ көгіне зорлығымен тырмысқан,**  
Жарты әлемді қан қақсатқан бас қолбасшы Шыңғыс хан.

Екіншісі – **қару еткен рухи-намыс қанатын,**  
Қара күшке қарсы қойған адамдықтың санатын,  
Әр жүректің айдынында ізгілік боп жанатын,  
Жаңа Манас – ұлы Шыңғыс Айтматов болатын.

Ол көтерген мәңгүрттену мәселесін алалық,  
Неге қазір сол қасірет емес мұңлы жаңалық?  
Бұл ғасырда мәңгүрт болу тіпті бақыт саналып,  
Нақ бір қажет игіліктей жатыр жұртқа таралып.

Қалың елді осы індеттен сақтандыру мүмкін бе?  
Үш-төрт қазақ, қырғызыңның бірі мәңгүрт бұл күнде.  
Ұлттың жеткен жері осы ма қанша ғасыр жол жүріп?  
Мәңгүрт емес, басшы көрсе таң қалатын болды жұрт...

*М. Шаханов*



## ала ма?

Харизма (биік бедел) – төтенше, жаратылысы бөлек, қателеспейтін, киелі адамға ТӘН қасиет.

«Құдайдың мейірімі керек»,--дейді, бірақ ол әркімнің бойында бар!

**Көшбасшылық әлеует әр адамның бойында бар.**



# Көшбасшы болып тұа ма, қалыптаса ма?

16

«Іскерлік аймағында көшбасшының  
тиімділігі тоқсан пайыз мінез-құлқына және  
он пайыз бизнесті басқаруға қатысты  
сұрақтарды білуімен байланысты»

I

Стенфордский Исследовательский Институт

Көшбасшы тоқсан пайыз мінез-құлық  
арқылы анықталады.



# Көшбасшылық тұлғаның рухани- адамгершілік дамуының жанама нәтижесі

17

Тұлғаның рухани-адамгершілік  
дамуы деген не?

*Бұл өз мінезін кемелдендіру*  
*тілегі мен табандылығы.*



# Көшбасшылық тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының жанама нәтижесі

18

- Кімнің ойы, сөзі және ісі бірлікте болса ғана, шынайы көшбасшы бола алады.
- Ойы, сөзі және ісі бір болған адамға біз сенеміз.
- Көшбасшының соңынан ерген адам үшін оның жеке басының үлгісі аса маңызды.

*(«Бір шымшым тұз» туралы аңыз)*



# Көшбасшылық үдеріске не жатады?

19

- **Болу** – көшбасшылық көзі (мейлінше болу).
- **Істеу** – көшбасшылық стилі (үлгі).

Көшбасшылық құралдары:

- **көру** (ұсақ белгісіне дейін көру).
- **сөйлеу** (шабытпен, жұмсақ, сүйіспеншілікпен, жүректен жүрекке жеткізу).

# Шынайы көшбасшыға тән қасиеттер

20

**Жігер**  
шынайылық, адалдық, шешім  
қабылдаудағы батылдық,  
тиянақтылық  
(АҚИҚАТ)

Дұрыс мінез-құлық, кәсіби  
біліктілік және білім  
  
(ДҰРЫС ӘРЕКЕТ)

**РИЯСЫЗДЫҚ**  
(СҮЙІСПЕНШІЛІК)

Жанашырлық, әлсіздерге көңіл  
бөлу, басқалардың пікірлеріне  
құлақ салу  
(ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ)

Тыныштық.  
ішкі тепе-теңдік  
(ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ)



# Шынайы көшбасшыға тән қасиеттер

- Шынайы көшбасшы жеке басының мүддесінен риясыздықпен бас тартып, қажет болса, өзі құрбандыққа барады.
- Шынайы көшбасшы биіктерге қолжеткізу үшін осындай қасиеттерге ие болуы керек.

# Заманауи білім берудегі көшбасшылық

22

- Риясыздық айтылған ойларға қарамастан, жабайы бәсеке мен жанталаса байлық қуған дәуір етек алған заманауи мәдениетке сiнiспейдi.
- Қазiргi өмiр сүрү максаты - тезiрек мансапқа жетiп, бiр түннiн iшiнде байып шығу.
- Бұдан туындайтыны әлеуеттi көшбасшылардан жеткешiлiктiн тиiмдiлiгi риясыздыққа байланысты екендiгi туралы терең ойлануды керек етедi

I



# Менмендік пен көшбасшылық

- Сөздікте менмендік ұғымы «табысқа жетуге, өсуге ұмтылу» ұғымын білдіреді. Шынында да, менмендік күшті дәлелдеуге қызмет етеді.
- Жеке табысқа жету мен өсуге мақсаттанған адамның сергек және **нәтижесі** де жаман болмайды, бірақ **өміршең емес.**
- **Жоғары мақсаттар мен армандарға ұмтылған адамдар нақты және өміршең нәтижелерге қол жеткізеді.** I



# Менмендік пен көшбасшылық

## (Фрэнсис Бекон)

25

- Менмендік – адамның белсенділігіне, қозғалысына, толқуына себепкер болатын ағзадағы сұйықтық, яғни өт сияқты.
- Бірақ өз жолын жүрмеген өт ағзаны күйдіріп, улайды.
- Сол сияқты менмен адамдар жоғары ашық жолды тауып, онымен жылжи отырып, тынышсыздыққа тап болады. Бірақ олардың тілектері көпшілікке жария болса, өз қанағаттанбағандықтарын жасырын сезінеді және адамдар мен жағдайларға қырын қарай бастайды. Бұл адамдарды істің кері кетуі қуантады, ал бұл мемлекеттің немесе мемлекеттік қызметкердің ең нашар қасиеті.
- Френсис Бекон менмен адамдардың табиғатын түсіндіре келіп, **«мансабының өсуін қалаған адам емес, парызын сезінген адам ғана ұлы игілік жасай алады»** деген қорытындыға келді. Бірақ адамдарға «Мен: маған және менікі» деген ұғымнан тұратын сақинадан сытылып шығу қиын. Көшбасшыларды бағалайтын мемелкет, қоғам және ұйымдар олардың жеке қызығушылығын, менмендігінен көтеріліп, идеал деңгейіне жетуге арналған шарттар, түрлі-тәсілдер қолданады.



**Шынайы көшбасшы менмендігімен емес,  
асқақ идеалы мен парызын сезінуімен алға  
жылжиды.**



# Шынайы көшбасшының қасиеттері

29

- **батылдык:** шешім қабылдауда көшбасшыдан талап етілетін маңызды әрекет;
- **ерік-жігер:** біздің санамыз ерік жігерге қызмет етсе, көшбасшыға ішкі үніміз дұрыс бағыт ұстауға көмектеседі. Бірақ бұл негіз менменлікке қызмет етсе, онда бірбеткейлікпен аякталады.
- **ынталылық:** жаңа мүмкіндіктердің істің пайдасына қарай жедел қолданатындай дайындықта болу, таңдалған әрекеттің бағытын ой елегінен өткізу үшін тыныштықта өткізу.
- **табандылық**



# Уинстон Черчилль

30

«ЕШҚАШАН,  
ЕШҚАШАН,  
ЕШҚАШАН,  
ЕШҚАШАН,  
БЕРІЛМЕ!»

# Шынайы көшбасшының қасиеттері

- Көшбасшы биік максатты көре білуге тиіс. Жоғарғы максатты көздеу— «мен үшін не жақсы» дегенді көруден жоғары назар аудару, және көпке пайдасы тиер идеалға ұмтылу.
- Көшбасшы әрқашан байыпты болуы тиіс.
- Егер ол ашуланса, не істің нәтижесіне сенімсіздік танытса, беделіне нұқсан келеді.



# Көшбасшыға қажетті білім

32

- Өзін танып-білуі (өзінің рухани кемелденуі)
- Кәсіби таным кеңдігі.
- Адамдармен бірлесе жұмыс істей алу мүмкіндігі.
- Интуиция – ол арқылы ақиқатты тура қабылдауға мүмкіндік туындайды.
- Парасатты және тәжірибелік ақыл – бұл қажет емесін алып тастап, ең маңыздысына ұмтылу.

**Өзінің күш-қуатын жұмсап игерген танымы ғана нақты құндылыққа айналады.**

## *Көшбасшыға қажетті білім*

33

- Таза ой немесе практикалық ақылдың керексізді алып тастай отырып нақты қажеттінің өзегіне ұмтылар қабілеті.
- Ішкі түйсік ойлаумен талдаудан басқаша ақиқатты тікелей қабылдауға орташа мүмкіндік жасайды.



# Көшбасшының топтың қажеттілігіне байланысты қызметі

34

- Жетекшінің үлгісі.
- Тәртіпті ұстауы.
- Топтық рухты қолдауы.
- Қайшылықты жою үшін топтық жұмыстан артық ештеңе жоқ.
- Жігерлендіру, талаптандыру, мақсатты ұғынуға тәрбиелеу
- Әркім өзін көрсетіп, қажеттілігін сездіретіндей жалпыға ортақ энергетикалық алаң құру.
- Адамдардың ерекше дарынын танып, оны пайдалана білу.
- Топпен байланысты қамтамасыз ету ..
- Топты үйрету.
- Әркімнің жеке мұқтажына назар аудару .
- Адамдарды мақтап , қуаттау. Көптің алдында мақтау, жеке жерде сүйіспеншілікпен сөгу.

# Шынайы көшбасшылар

35



**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ –**  
**(1845-1905)**

кемеңгер хакім, данышпан ақын,  
ұлы ойшыл, саясаткер, ағартушы

*Абай – әлемдік маңызы бар тұлға. Ол өз оқырмандарымен жан сезімін ғана емес, философиялық көзқарасына ықпал еткен сан-саладағы терең білімін бөліскен ақын әрі ойшыл. Ол шын мәніндегі көзі ашық оқыған адам. Оның кеудесінде Тәңірінің өзі дарытқан бастаулар бар. Абай философиясы Еуропаның классикалық философиясының адамгершілік идеяларымен гажап үндесіп жатыр.*

*Федерико Майор,  
ЮНЕСКО-ның бас директоры.*





**МАХАТМА ГАНДИ –**  
**(1869-1948)**  
 азаттық үшін бейбіт  
 жолмен күрескен ғасыр  
 адамы

*Ганди – көзқарасы қарапайым, дүние-мүлік, киім-кешегі де содан аумаған ұлы шаруа... Ганди көсем ретінде аспаннан түсе қалған жоқ.*

*Миллиондаған аш-жалаңаш қарапайым халықтың арасынан шықты, солардың мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Оның өзі айтқандай «басты арманы – барлық адамдардың көз жасын құрғату» еді...*

*Джавахарлал Неру*

Ганди туралы фильм

*Оның ұлылығы өмірдегі бай  
адамгершілігінде және бай  
мінез-құлқында болатын.*

*Лев Толстой*



**АВРААМ ЛИНКОЛЬН**  
(1809-1865)

**АҚШ-тың 16-шы Президенті,  
американдық құлдарды бірінші  
азат етуші, америка халқының  
ұлттық батыры.**



# Тереза ананың 10 өсиеті

39



**ТЕРЕЗА АНА –  
(1910-1997)**

**әлемге әйгілі мейірімді ана,  
шынайы көшбасшы.**

1. Адамдар жөнсіз, қисынсыз және өзімшіл болады – бәрібір кешіре көріңіз.
2. Егер сіз мейірімділік танытсаңыз, ал адамдар болса құпия жеке пиғылдан деп кінәласа -бәрібір мейірімді болыңыз.
3. Егер сіз табысқа жетсеңіз, сіздің көптеген жалған достарыңыз және нағыз жауларыңыз пайда болуы мүмкін – бәрібір табысқа жете беріңіз.
4. Егер сіз адал және ашық болсаңыз, адамдар сізді алдайтын болады – бәрібір адал және ашық болыңыз.
5. Жылдар бойы құрастырғаныңыз, бір сәтте құрып кетуі мүмкін – бәрібір құрастыруды жалғастырыңыз.
6. Егер сіз мұңсыз бақытқа бөленсеңіз, онда басқа адамдарда көре алмаушылық туындайды – бәрібір бақытты болыңыз.
7. Адамдар бүгін жасаған игі ісіңізді, ертең ұмытып кетеді – бәрібір игі іс жасауды жалғастырыңыз.
8. Сіз туралы кімнің не айтқаны маңызсыз – мұның барлығын күлкімен қабылдап, өз ісіңізді жалғастырыңыз.
9. Бірге ғибадат қылып, ынтымақта болыңыз.
10. Адамдармен барыңыздың ең жақсысымен бөлісіңіз, бұл оларға ешқашан жеткілікті болмайды – бәрібір ең жақсысымен бөлісуді жалғастырыңыз.



**ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ –**  
(1928-2008)

ойшыл гума-нист, данагөй,  
планетарлық деңгейдегі жазушы.

*Аса дарынды жазушы планетарлық деңгейде ойлай білді, сол үшін ол «Адамзаттың Айтматовы» атанды. Әлемнің көптеген елінің оқушылары сөз зергерінің әрбір жаңа шығармаларын үлкен тағатсыздықпен күтуші еді, оның шығармашылығынан нәр алатын.*

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,*  
*Қазақстанның Тұңғыш*  
*Президенті*





*Осыдан кейін мен өзімнің жай  
ғана қол-аяқсыз адам емес екенімді  
түсіндім. Мені Жаратқан ием  
жаратты... Сондықтан,  
адамдардың не ойлайтыны мен  
үшін маңызды емес екендігін  
ұғындым.*

**НИК ВУЙЧИЧ**

**1982**

**Австралия, Брисбен**

*2005 жылы ол «Ең жас австралиялық  
азамат» атағын иеленіп, 21 жасында  
университетті тәмәмдаған. Сонымен  
қатар бүгінгі таңда әлемнің 5 құрлығы мен  
24 мемлекетін аралап, жарымжан жандар  
үшін қандай жағдайда да өмір сүру керек  
екендігі жайында баяндамалар оқыған.*



## ТОПТАРДАҒЫ ЖҰМЫС (15 МИН.)

1 СІЗДЕРДІҢ ӨМІРІҢІЗДЕГІ ҮЛГІ  
ТҰТҚАН ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫ  
ТУРАЛЫ ТАЛҚЫЛАҢЫЗ.

2. ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫНЫҢ БЕС  
НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІН ЖАЗЫҢЫЗ.